

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 21 тамыздағы № 82 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 25 тамызда № 36675 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі Ұлттық
статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2025 жылғы 21 тамыздағы
№ 82 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Скринингті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі № 704 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6490 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Скринингті ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Скринингті ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және Қазақстан Республикасында балалардың туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларының профилактикасын жетілдіру, балалардың сырқаттанушылығы мен мүгедектігін төмендету мақсатында жаңа туған нәрестелер мен ерте жастағы балалардың пренаталдық, неонаталдық, аудиологиялық скринингін, балалардың дамуының скринингін, шала туған нәрестелердің офтальмологиялық скринингін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.";

3-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) даму скринингі – ерте араласу, оңалту және мүгедектікке әкелетін аурулардың алдын алу үшін даму бұзылыстары бар қауіп тобын анықтау мақсатында балаларды жаппай стандартталған тексеру;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Пренаталдық скрининг ұрықтың хромосомалық, тұқым қуалайтын генетикалық патологияларын және туа біткен даму ақауларын (бұдан әрі – ТДК) ерте анықтауға және диагностикалауға, генетикалық хромосомалық және анатомиялық бұзылуларды емдеуге және түзетуге келмейтін, ауыр өліммен аяқталатын балалардың туылуын алдын алу үшін бағытталған.";

32, 35 және 53-тармақтары алынып тасталсын;

54-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Медициналық ұйымдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрық) сәйкес жаңа туған нәрестелерге неонаталдық скрининг жүргізу туралы ақпарат береді.";

71-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Аудиологиялық скринингтің екінші кезеңіндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

анамнез жинау, балаларда құлақ мүкістігі мен саңыраулығы бойынша қауіп факторларын анықтау;

жаңа туған нәрестенің ата-анасын немесе басқа заңды өкілін аудиологиялық скринингтің мақсаты мен рәсімі, тексеруден бас тартудың ықтимал салдары туралы хабардар ету. Аудиологиялық скрининг жүргізуге ақпараттандырылған келісім немесе бас тарту медициналық құжаттамаға енгізіледі;

ТОАЭ әдісімен зерттеп - қарау жүргізу;

ҚЛЕШП әдісімен зерттеп - қарау жүргізу;

Зерттеп – қарау нәтижелерін медициналық құжаттамаға, медициналық ақпараттық жүйеге енгізу.";

78-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Босандыру, МСАК ұйымдары, сурдологиялық кабинеттер (орталықтар, бөлімшелер) ай сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына және аумақтық ПМПК-ға есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға сәйкес аудиологиялық скрининг жүргізу және есту қабілеті бұзылған балалар туралы ақпаратты береді, тоқсан сайын жіберілген балалар туралы ПМПК-мен салыстырып тексеру жүргізеді.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Ерте жастағы балалардың даму скринингін ұйымдастыру"

80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88 және 89-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Балалардың даму скринингі ерте кезеңде физикалық дамуды, қозғалыс белсенділігін, сөйлеу дамуын, когнитивтік қабілеттерін, эмоционалды-ерік аясын және әлеуметтік мінез-құлқын бағалау арқылы даму бұзылыстарын ерте анықтауға бағытталған.

81. Балалардың дамуын деңгейін баланың бағалау физикалық, ақыл-ой, әлеуметтік дамуын анықтау және бейінді мамандардың балаларға уақтылы медициналық көмек көрсету үшін жүргізіледі.

82. Даму скринингінің міндеттері:

1) 6 жасқа дейінгі балаларды қамту;

2) даму бұзылыстарының қаупі бар балаларды ерте анықтау, оларды одан әрі тексеру, уақтылы араласу және оңалту;

3) МСАК ұйымдарының Даму және ерте араласу орталықтарына балалардың Ерте араласуының жеке бағдарламасын (бұдан әрі – ЕАЖБ) әзірлеу үшін жіберу;

4) дамуының бұзылу қаупі бар балаларды тереңдетілген педагогикалық зерттеп-қарау және түзету-дамыту оқыту мәселелерін шешу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу;

5) балалардың даму скринингі және жүргізілген араласу туралы деректерді медициналық ақпараттық жүйеге енгізу;

6) дамуында бұзылыстары бар балаларды зерттеп-қарау, емдеу, оңалту мәселелері бойынша ата-аналарға немесе заңды өкілдерге консультациялық көмек көрсету болып табылады.

83. Даму скринингі туғаннан бастап алты жасқа дейінгі балаларға жүргізіледі.

84. Жас ерекшеліктеріне қарай балалардың физикалық дамуын бағалау "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі, сонымен қатар баланы қарап – тексеру және бойының, салмағының, бас көлемінің центильді кестелерінің көрсеткіштеріне сәйкес нерв – психикалық дамуын бағалауды қамтиды. 5 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар үшін ай сайын бас көлемінің жас шамасына арақатынасының центильді кестелері 13-қосымшада (№1, 2 кестелер) келтірілген. Осы кестелер бойынша шала туған нәрестелерді бағалау кейінгі жасқа жеткенде жүргізіледі.

85. Осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес балаларды дамыту скринингінің іс-шаралары баланың жасына сәйкес балалардың заңды өкілдеріне сауалнама жүргізу және баланы дамыту кабинеті мейіргерінің баланы дамыту өлшемшарттарына бағалау кіреді.

86. Туғаннан үш жасқа дейінгі балаларда даму салаларының екеуінен екі белгі анықталған жағдайда, және төрт жастан алты жасқа дейінгі балаларда даму салаларының екеуінен үш белгі анықталған жағдайда, мультидисциплинарлық топтың (бұдан әрі – МДТ) консультациясы жүргізіліп, ЕАЖБ әзірленеді.

87. Баланың туғаннан үш жасқа дейінгі даму өлшемшарттарын бағалау кезінде:

ірі моторика;

ұсақ моторика;

сезімталдық аясы;

сөйлеу дамуы;

әлеуметтік аясы ескеріледі.

88. Төрт жастан бастап алты жасқа дейінгі балалардың даму өлшемшарттарын бағалау кезінде:

ірі моторика;

ұсақ моторика;

сөйлеу;

таным;

әлеуметтік аясы ескеріледі.

89. Баланың дамуы туралы мәліметтер "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген "Амбулаториялық пациенттің медициналық картасы" № 052/е нысанына 1 және 2-қосымша парақтарына сәйкес МСАК ұйымдарының медициналық ақпараттық жүйесіне енгізіледі.";

90. Босандыру және МСАК ұйымдары ай сайын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтау басқармаларына және аумақтық ПМПК-ға № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға сәйкес сәйкес ерте жастағы балалардың психофизикалық дамуына скрининг жүргізу туралы ақпаратты береді, есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде тоқсан сайын жіберілген балалар туралы ПМПК-мен салыстыру жүргізеді.

91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98 және 99-тармақтары алынып тасталсын;

118-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Босандыру медициналық ұйымдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде босандыру ұйымдарында шала туған нәрестелердің ретинопатиясын дамыту жөніндегі қауіп тобындағы шала туған нәрестелерге офтальмологиялық скрининг жүргізу туралы ақпаратты № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрықтың 28-1-қосымшаға сәйкес жібереді.";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта жұлын бұлшықет атрофиясын тасымалдауға скринингті ұйымдастыру тәртібі";

120, 121, 122, 123, 124 және 125-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"120. Жұлын бұлшықет атрофиясын (бұдан әрі – ЖБА) тасымалдауға арналған скрининг жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта жүктілікті жоспарлауға дейін гендердегі мутацияларды ерте анықтауға бағытталған.

121. ЖБА тасымалдаушыларына скринингтің міндеттері:

1) жүкті әйелдер мен отбасылық жұпты қамту;

2) ЖБА бар балалардың тууын уақтылы ескерту үшін жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта ЖБА жасырын тасымалдаушысын ерте анықтау және одан әрі тексеру;

3) тереңдетілген генетикалық тексеру және одан әрі мониторинг тактикасын айқындау үшін ЖБА тасымалдауға талдаудың оң нәтижесі бар жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта консультация беру;

4) есеп жүргізу үшін медициналық ақпараттық жүйеге (бұдан әрі – МАЖ) ЖБА тасымалдауға талдаудың оң нәтижесі бар тұлғаларды енгізу;

5) ЖБА тасымалдаушыларына скринингтің тиімділігін мониторингілеу және талдау жүргізу.

122. Жүкті әйелдер мен отбасылық жұпта ЖБА тасымалдаушыларына скрининг жүргізу кезеңдері:

бірінші кезең амбулаториялық-емханалық қызмет (МСАК, ОАА, ЖДО) ұйымдарында өткізіледі;

екінші кезең перинаталдық орталықтар (көпбейінді ауруханалар) деңгейінде консультациялық-диагностикалық бөлімшелерде өткізіледі.

123. Скринингтің бірінші кезеңінде жалпы практика дәрігері (бұдан әрі – ЖПД) немесе МСАК (ОАА, ЖДО) ұйымының оқытылған медицина қызметкері:

1) нысаналы топ арасында ЖБА тасымалдаушыларына, әлеуметтік желілер және басқа да заманауи коммуникация арналары арқылы уақтылы скринингтен өтудің орындылығы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

2) қозғалыс бағытын айқындай отырып, жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдардың тізімін қалыптастырады және ЖБА тасымалдаушыларына скрининг жүргізуді ұйымдастырады;

3) ЖБА тасымалдаушылыққа (бұдан әрі – ЖБА тасымалдаушысы) оларды консультация алу және қосымша тексеру үшін оң нәтижесі бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдар анықталған жағдайда "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігерге жібереді.

124. Екінші кезеңде перинаталдық орталықтар (көпбейінді ауруханалар) деңгейіндегі консультативтік-диагностикалық бөлімшелерде "Медициналық генетика" мамандығы бойынша дәрігер:

1) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдар арасында жүктілікті жоспарлау және жұбайларын ЖБА тасымалдаушыларына тексеру мәселелері бойынша консультация ұйымдастырады және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

2) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдар тексеру және бақылау мәселелері бойынша консультация беру қызметін қамтамасыз етеді;

3) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдарға тереңдетілген тексеру жүргізуді және оларды МАЖ-ға дербес тіркеуді жүзеге асырады;

4) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдарды жүктілікті жоспарлау алдында тексеруді қамтамасыз етеді;

5) ЖБА тасымалдаушысы бар жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдардың жүктілік және балалардың туу нәтижесіне жыл сайын талдау жүргізеді;

6) ЖБА тасымалдаушыларына жүргізілген скринингтің тиімділігіне мониторинг пен талдауды жүзеге асырады.

125. Медициналық ұйымдардың (перинаталдық орталықтар, көпбейінді ауруханалар, МСАК, ОАА, ЖДО), басшылары барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, жүкті әйелдер мен нысаналы топтағы адамдарда ЖБА тасымалдаушылығына скринингті қамтуды және сапалы жүргізуді қамтамасыз етеді.

126-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 2, 3 және 6-қосымшалары алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 7, 11 және 12-қосымшалары алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 14-қосымшасы осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 15, 16, 17, 18, 19, 20 және 21-қосымшалары алынып тасталсын.

2. "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 89-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 89-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және медициналық ұйымдардың еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздықты куәландыратын құжаттар беру тәртібін айқындайды."

57 тармақтың 4) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"4) жүктіліктің жиырма екі аптасынан бастап отыз аптаға дейінгі мерзімінде босанған және дене салмағы бес жүз грамм және одан жоғарғы бала туу жағдайында, босану кезіндегі асқынулар мен жүргізілген операцияға қарамастан, әйелге босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс күнге босану фактісі бойынша еңбекке жарамсыздық парағы немесе анықтамасы беріледі;"

61-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"61. ДКК қорытындысы бойынша күтімді қажет ететін баланы стационарлық, оның ішінде оңалту орталығында емдеу кезінде күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы заңды өкілінің біреуіне немесе балаға күтім жасайтын адамға:

1) бес жасқа дейін баланың стационарда болған бүкіл кезеңінде;

2) бес жастан жоғары ауыр науқас балалардың бала осындай күтімді қажет ететін мерзімге;

3) мүгедектігі бар баланы ДКК қорытындысы бойынша стационарда болған бүкіл кезеңінде;

4) медициналық ұйымның жолдамасымен олардың тұрақты мекенжайынан тыс, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге, барып-қайту жолақысын қоса алғанда, стационарда болған бүкіл кезеңіне беріледі.";

3. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21824 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрыққа сәйкес бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларында:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Нәресте өлімі индикаторын есептеу осы Қағидалардың 5-қосымшасының 2-кестесіне сәйкес нозологияларды қоспағанда, МСАК деңгейінде алдын алу туралы Қордың сарапшылары растаған нәресте өлімі жағдайлары болмаған жағдайда, есепті кезеңде мынадай формула бойынша кіші индикаторлардың мәндері бойынша жиынтық жүргізіледі:

$$Ti2 = (Ui2.1 + Ui2.2) * Pc$$

Ti2 – "МСАК деңгейінде алдын алуға болатын нәресте өлімі" индикаторы бойынша жалпы балл саны,

Pc – тоқсан ішінде учаскеде 1 жасқа дейінгі балалар бойынша коэффициент.

Ui2.1 – "Босандыру ұйымынан шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 тәулікте жаңа туған нәрестелерді патронажбен барумен қамту" индикаторы бойынша балл саны:

$$Ui2.1 = PN / D * 100 \%$$

PN – босандыру ұйымынан тоқсан ішінде шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 тәулікте патронажбен барумен қамтылған жаңа туған нәрестелер саны,

D – тоқсан ішінде стационардан шығарылған босанған әйелдердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 8 балл

80-89 % – 5 балл

70-79 % – 2 балл

70 %-дан төмен – 0 балл

U2.2 – "Жүктілік мерзімі бойынша пренаталдық скринингпен қамту" кіші индикаторы бойынша балл саны:

$$U2.2 = P_s/P * 100 \%$$

P_s – тоқсан ішінде мерзімді пренатальды скринингтен өткен әйелдер саны,

P – тоқсан ішінде есепте тұрған жүкті әйелдердің саны.

Нәтижесі:

90 % және одан жоғары – 8 балл

80-89 % – 5 балл

70-79 % – 2 балл

70 % - дан төмен – 0 балл.

20.1. Нәресте өлімі индикаторының мәніне есепті тоқсандағы учаскеде 1 жасқа дейінгі балалардың санына байланысты P_s түзету коэффициенті қолданылады:

1,0 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 50 және одан көп бала,

0,8 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 30-49 бала,

0,6 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 10-29 бала,

0,4 – учаскеде 1 жасқа дейінгі 9 баладан аз,

0 – учаскеде 1 жасқа дейінгі бала жоқ."

4. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулардың номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасын және біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы:

мынадай мазмұндағы 58-1-тармақпен толықтырылсын:

"58-1. Патронажды мейіргер."

көрсетілген бұйрыққа сәйкес бекітілген денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында:

"3-1-параграф. Патронажды мейіргер

177-1. Лауазымдық міндеттері:

Патронаждық баруларды жоспарлайды және бару мақсатын анықтайды.

"Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің

2022 жылғы 15 наурыздағы № ҚР ДСМ-25 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27182 болып тіркелген) жүкті әйелдерге екі эмбебап бару, ал ерте жастағы балаларға он эмбебап баруды жүргізеді.

Денсаулыққа, дамуға және қауіпсіздікке қатысты қауіп-қатерлер анықталған жағдайда, жүкті әйелдер мен ерте жастағы балаларға жеке жоспарға сәйкес қосымша үйге бару жүргізіледі, анықталған қауіп-қатерлер туралы дәрігерге хабарлайды.

Басқа мамандардың (әлеуметтік қызметкердің, психологтың, педиатрдың, бейінді мамандардың) қатысуын талап ететін қауіп-қатерлер анықталғанда, отбасыны кешенді сүйемелдеу жоспарын әзірлеу мен іске асыруға белсенді қатысады.

Ауырған бала анықталғанда, қауіп белгісінің, шұғыл белгілердің болуын бағалайды, орта медицина қызметкерінің өкілеттігі шегінде шұғыл көмек көрсетеді және дереу дәрігерге хабарлайды.

Жүкті әйелді, балалардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін босануға дайындау, ерте жастағы балаларға күтім жасау, қауіпсіз орта қалыптастыру, балалардың ерте дамуы бойынша оқытуды жүргізеді.

Жүкті әйелге, балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне тамақтану, күтім жасау, үй жағдайындағы қауіпсіздік пен гигиена, тек қана емшек сүтімен тамақтандыру, өмірге, денсаулыққа және дамуға қауіп төндіретін белгілер мен қауіп-қатерлер бойынша кеңес береді.

Есептік-медициналық құжаттаманы жүргізеді.

Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік қағидаларын, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтайды.

177-2. Білуге тиіс:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, пайдаланылған материалдарды дезинфекциялау қағидаларын;

орта медицина қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру мәселелерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын білуі тиіс.

177-3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі", "Акушерлік іс" мамандықтары бойынша кәсіби медициналық білімі, сондай-ақ "Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі", "Акушерлік іс" мамандықтары бойынша маман сертификаты болуы тиіс, біліктілікті арттыру: патронажды эмбебап-үдемелі модель, балалар ауруларын біріктірілген қадағалап-қарау."

5. "Қазақстан Республикасында неонаталдық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 31 наурыздағы № 52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32214 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасында неонаталдық көмекті ұйымдастыру стандарты, аталған бұйрықпен бекітілген:

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. БҰ-дан жаңа туған нәрестені шығару оның қанағаттанарлық жай – күйі және тәулік бойы стационар жағдайында болу үшін медициналық көрсетілімдер болмаған кезде, бала туралы ақпаратты нақты тұратын жері бойынша МСАК ұйымдарына беру және № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 001/е "Стационарлық пациенттің медициналық картасы" нысанына 11-қосымша параққа сәйкес нысан бойынша жаңа туған нәрестені одан әрі тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Баланың өмірінің бірінші жылында аурудың дамуын немесе оның асқынуын болдырмау мақсатында профилактикалық, емдік және оңалту іс-шараларын уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету үшін жаңа туған нәрестелерді қауіп топтарына бөлу, осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес жаңа туған нәрестелерді арасында қауіп топтарына бөлу критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 65-1-тармақпен толықтырылсын:

"65-1. Нәрестені стационардан шығару кезінде ана мен балаға арналған дәрі қобдишасы беріледі, оның құрамы:

баланы күту жөніндегі нұсқаулық (мемлекеттік және орыс тілдерінде);

Қазақстан Республикасында міндетті профилактикалық егу күнтізбесі туралы ақпарат;

су температурасын өлшеуге арналған термометр;

медициналық термометр (электронды);

стерильді бинт 5 сантиметр x 10 сантиметр;

мұрын жолдарын тазалауға арналған сілемей сорғыш;

балалар кремі;

балалар сабыны;

қолды антисептикалық өңдеуге арналған құрал;

стерильді мақта 200 грамм;

ауыз арқылы ерітінді тұздары (регидратациялық тұз).

Ана мен балаға арналған дәрі қобдиша нәрестені перзентханадан шығару кезінде беріледі. Ана мен балаға арналған дәрі қобдишаның берілгені туралы белгі жаңа туған нәрестенің даму тарихына, денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттама нысандарына сәйкес енгізіледі (№ ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген)."

осы тізбенің 2-қосымшасына сәйкес 12-қосымшамен толықтырылсын.

Баланың жасына сәйкес заңды өкілдеріне сауалнама жүргізу және баланың дамуын бағалау өлшемшарттары

2 айдан 3 айды қоса алғанға дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Басын ұстайды	иә	жоқ
Қолын дененің орта тусында біріктіріп ұстай алады	иә	жоқ
Іште жатып басын көтереді	иә	жоқ
Аузына қолын салады	иә	жоқ
Сезімтал және сөйлеу сала		
Ашық түсті заттарға зейін сала қарайды	иә	жоқ
Орталық жиекте көзімен қарап өте алады	иә	жоқ
Анасын таниды	иә	жоқ
Дыбыс шыққан жакқа басын бұрады, дауысты естіп күледі	иә	жоқ
Сора алады және жұта алады	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Ересек адамдар күлсе соған жауап беріп күледі	иә	жоқ
Өздігінен күледі	иә	жоқ
Ересек адамның түріне қарап әрекет етеді	иә	жоқ

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

4 айдан 6 айды қоса алғанға дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Басын нық ұстайды, шайқалмай	иә	жоқ
Кеудесін шынтақтарына сүйеніп көтереді	иә	жоқ

Арқасынан ішіне қарай аударылады	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Сылдырмақты ұстайды	иә	жоқ
Өз қолдарымен ойнайды	иә	жоқ
Сезімтал және сөйлеу сала		
Анасының дауысын таниды, анасын таниды (қуанады)	иә	жоқ
Көзқарасын 180 градусқа дейін еріп қадағалайды	иә	жоқ
Ұсақ контрастты заттарға назар аударады	иә	жоқ
Сөйлеген адамды іздейді	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Анасын таниды (қуанады), көзге тіке қарайды	иә	жоқ
Өздігінен күледі	иә	жоқ
Емізу кезінде ананың омырауын немесе бөтелкені ұстайды	иә	жоқ

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

6 айдан 11 айды қоса алғанға дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Қолдарына сүйеніп отырады	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Қашықтықта тұрған затты алады	иә	жоқ
Екі қолын да (оң немесе сол) қалауы бойынша пайдаланады	иә	жоқ
Зат сол немесе оң көзіне жақындағанда көзін жыпылықтатады	иә	жоқ
Жаңа ғана жасырылған затты табады (9 айлық жаста күтіледі)	иә	жоқ
Сезімтал және сөйлеу сала		
Әртүрлі дыбыстар шығарады	иә	жоқ
Сөйлеген адамға қарау үшін басын бұрады	иә	жоқ
Өз атына жауап береді (9 айдан бастап)	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Басқа адамның назарын өзіне аударады		

(мысалы: оған қарағанда жылайды, қарағанда жылауын тоқтатады), көзге тіке қарайды	иә	жоқ
---	----	-----

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

12 айдан 17 айды қоса алғанға (1 жылдан бастап 1 жыл 4 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Өздігінен жатып жатқан күйден отырып отыру қалпына ауысады	иә	жоқ
Қолдаусыз немесе көмексіз өздігінен тұзу отырып отырады	иә	жоқ
Жүреді	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Ұсақ заттарды бас бармақ пен сұқ саусақтың арасына қысып ұстайды	иә	жоқ
Екі қолын да қолданып әрекет етеді	иә	жоқ
Көзқарасымен барлық бағыттағы қозғалатын нысанды қадағалайды	иә	жоқ
Сезімтал және сөйлеу сала		
Қайталанатын буындарды айтады ("ба-ба", "та-та", "па-па")	иә	жоқ
"Жоқ" деген тыйымды түсінеді	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Әлеуметтік қимылдарды жасайды (қоштасу, бәрі жақсы деген белгі)	иә	жоқ
Ересек адамның көрсеткен нысанына қарайды (ортақ назар), көзге тіке қарайды	иә	жоқ

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

18 айдан 23 айды қоса алғанға (1 жыл 6 айдан бастап 1 жыл 11 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Еденнен өздігінен тұрады (отыру күйінен көмексіз тұру күйіне ауысады)	иә	жоқ
Аяғына толық сүйеніп, көмексіз жүреді (бес қадамнан астам)	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Екі текшені бүктейді (модельден)	иә	жоқ

Оқу ойыншығының саңылауына белгілі бір пішіндегі кішкентай фигураларды енгізеді	иә	жоқ
Тіл		
Сұраныс бойынша заттарды немесе суреттерді атайды (мысық, доп, машина)	иә	жоқ
Қарапайым нұсқауларды түсінеді (көзіңізді ашыңыз, аяғыңызды көтеріңіз)	иә	жоқ
Бес сөзді өздігінен айтады (ана, ұйықтау, әке, осында)	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Бас тартуды біледі ("жоқ" дейді, басын шайқайды, қолын итереді)	иә	жоқ
Ересек адамның назарын аудару үшін не қызықтыратынын саусақпен көрсетеді, көзге тіке қарайды	иә	жоқ

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

24 айдан 35 айды қоса алғанға (2 жылдан бастап 2 жыл 9 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Қолдың үйлестірілген қозғалысы	иә	жоқ
Баспалдақпен біртіндеп көтеріледі (дербес немесе бөгде көмекпен)	иә	жоқ
Допты лақтырады (демонстрациядан кейін)	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Бес текшені бүктейді	иә	жоқ
Қасықты пайдаланады (тіпті аузына жақсы түспесе де)	иә	жоқ
Үстелде немесе кітапта жаңа ғана көрсетілген затты немесе суретті көрсете алады	иә	жоқ
Оқу ойыншығының саңылауына қарапайым геометриялық фигураларды енгізеді	иә	жоқ
Тіл		
Оннан астам қарапайым сөздерді өздігінен айтады	иә	жоқ
Екі сөзді байланыстырады (бала ұйықтап жатыр, анасы кетті)	иә	жоқ
Өзіне қатысты "мен" есімдігін қолданады		жоқ

(немесе ана тіліндегі баламасы)	иә	
Әлеуметтік сала		
Рөлдік ойындар мен еліктеу ойындарына қатысады (ас үй, гараж)	иә	жоқ
Басқа балаларға қызығушылық танытады (балабақша, ағалар мен әпкелер)	иә	жоқ

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

36 айдан 47 айды қоса алғанға (3 жылдан бастап 3 жыл 11 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Ірі моторикасы		
Қолдың үйлестірілген қозғалысы	иә	жоқ
Баспалдақпен жалғыз көтеріледі, кезекпен аяқтарын тұтқаны ұстап тұрады	иә	жоқ
Екі аяқпен секіреді	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Сегіз текшені бүктейді (үлгі бойынша)	иә	жоқ
Көрнекі шаблоннан шеңбер сызады	иә	жоқ
Киімнен бір ғана зат киеді (қалпақ, шалбар, футболка)	иә	жоқ
Тіл		
Қарапайым үш сөзден тұратын сөйлемдер құрайды	иә	жоқ
Өзі туралы айтатын болсақ, ол өзінің атын немесе "мен" есімдігін қолданады	иә	жоқ
Қарапайым ауызша өтініштерді орындайды (ересек адамның жест-ишаратсыз күшейтуі жоқ)	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Өз жасындағы балалармен ойнағанды ұнатады	иә	жоқ
Жұппен немесе топпен іс шараларға немесе ойындарға қатыса алады	иә	жоқ

*екі түрлі салада екі "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

48 айдан 59 айды қоса алғанға (4 жылдан бастап 4 жыл 11 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

--

Үлкен моторика, позаны бақылау және локомоциясы		
Екі аяғымен секіреді (кем дегенде орнында)	иә	жоқ
Баспалдақпен көтеріліп, тұтқаны ұстамай, аяқтарын кезек-кезек өзгертеді	иә	жоқ
Допты мақсатты түрде лақтырады	иә	жоқ
Үш доңғалақты велосипедтің педалін дөңгелете алады	иә	жоқ
Қажет болған кезде (үстелде, балабақшада және т.б) жағдайға сәйкес уақыт аралығында тыныш отыра алады	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Дене мүшелері бар адамның фигурасын салады	иә	жоқ
Көрген белгілер мен фигураларды (крест, шаршы, шеңбер) салады	иә	жоқ
Пальто өзі киеді	иә	жоқ
Үш сүйекті көпір салады (демонстрациядан кейін)	иә	жоқ
Тіл		
Отбасынан тыс адамға түсінікті тілде сөйлейді	иә	жоқ
Осы шақтағы етістіктерді біріктіреді	иә	жоқ
"Неге?" деген сұрақты қояды	иә	жоқ
Күрделі өтінішпен әрекеттерді орындайды (бөлмеңізден пальто әкеліңіз)	иә	жоқ
Таным		
Сценарийлермен шығармашылық ойын ойнайды	иә	жоқ
Төрт пәнді санайды (тізімдейді)	иә	жоқ
Нысандарды санаттар бойынша сұрыптай алады (түстер, пішіндер)	иә	жоқ
Көбінесе сабақты немесе ойынды мектепте немесе үйде аяқтауға болады	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Екі немесе одан да көп адам қатысатын ойында кезек-кезек ойнай алады	иә	жоқ

*екі түрлі салада үш "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

60 айдан 71 айды қоса алғанға (5 жылдан бастап 5 жыл 11 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Жалпы моторика		
Қолдаусыз бір аяғыңызда кемінде бес секунд тұра алады	иә	жоқ
Қатарда жүреді (бір аяғын екінші аяғының алдына қою)	иә	жоқ
Допты қолымен ұстайды	иә	жоқ
Ол тыныштықты сақтай алады және қажет болған кезде тыныш отыра алады (дастархан басында, балабақшада)	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Контурлық кескін салады (кем дегенде екі сопақ)	иә	жоқ
Өз атын бас әріппен жазады (үлгіден)	иә	жоқ
Квадрат сызады (төрт бөлек бұрышпен)	иә	жоқ
Тіл		
Дұрыс грамматикасы бар алты сөзден тұратын сөйлемдер жасайды	иә	жоқ
Сөйлеуде сөздерді қолданады (ішінде/үстінде/артында)	иә	жоқ
Кем дегенде үш түсті атайды	иә	жоқ
Таным		
Суретті сипаттайды (кейіпкерлер, заттар, әрекеттер)	иә	жоқ
Онға дейін санайды	иә	жоқ
Оны қызықтыратын тақырыпқа он минут бойы назар аударады	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Бірнеше баланың (туыстарының, балабақшадан) есімдерін біледі	иә	жоқ
Ережелерді сақтай отырып, командалық ойындарға қатысады	иә	жоқ

*екі түрлі салада үш "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.

72 айдан 83 айды қоса алғанға (6 жылдан бастап 6 жыл 11 айға) дейінгі жастағы баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау өлшемшарттары

Жалпы моторика		
Бір аяқпен үш-бес рет секіреді (орнында немесе алға қарай)	иә	жоқ

Ол тегіс жүреді және кенеттен тоқтай алады (велосипедпен, скутермен)	иә	жоқ
Аяқтың ұшымен жүруді біледі	иә	жоқ
Ол тыныштықты сақтай алады және қажет болған кезде тыныш отыра алады (үстелде, мектепте, балабақшада)	иә	жоқ
Ұсақ моторикасы		
Киімді (түймелер немесе найзағай) бекітеді	иә	жоқ
Көрсетілімнен кейін бас бармағыңызбен бір қолдың әр саусағына тиеді	иә	жоқ
Үшбұрыш салады	иә	жоқ
Қолды көмексіз жуады және кептіреді	иә	жоқ
Тіл		
Қысқа оқиғаны құрылымдық түрде айта алады (басы, ортасы және соңы - мысалы, оған оқылған оқиға, көрген мультфильм, онымен болған оқиға)	иә	жоқ
Сөйлеу тәртібінің ережелерін сақтай отырып, диалог жүргізе алады	иә	жоқ
Грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдер арқылы өз ойын білдіреді	иә	жоқ
Таным		
Көрсетілген он затты санайды (қарындаштар)	иә	жоқ
Қатарынан емес үш санды ретімен қайталай алады (5, 2, 9)	иә	жоқ
0 ден 9 ға дейінгі барлық сандарды таниды	иә	жоқ
Оны қызықтыратын іс-әрекетте немесе тапсырмада он минут бойы назар аударады	иә	жоқ
Басынан аяғына дейін бірнеше тапсырманы қамтитын әрекеттерді өз бетінше орындайды (мысалы, ұйықтар алдында тістерін тазалап, пижама киеді)	иә	жоқ
Әлеуметтік сала		
Басқалардың эмоционалды жағдайын таниды және соған	иә	жоқ

сәйкес әрекет етеді (досыңызды қалай жұбату керектігін біледі)		
Достар табуды және сақтауды біледі	иә	жоқ
Ол өзінің жасына қатысты әр түрлі қызығушылықтарды көрсетеді (нақты анықталған шектеулі қызығушылығы жоқ, кез-келген объектіге байланбаған, әрдайым бірдей нәрсе туралы айта бермейді).	иә	жоқ

***екі түрлі салада үш "жоқ" белгіленсе, МДТ-тың кеңесі қажет.**

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасында
неонаталдық көмек көрсетуді
ұйымдастыру стандартына
12-қосымша

Жаңа туған нәрестелерді қауіп топтарына бөлу өлшемшарттары

Жоғары қауіп тобы:

туу кезіндегі дене салмағы 1000 грамнан кем және/немесе гестациялық мерзімі 28 аптадан кем шала туған нәрестелер;

организмнің кез келген жүйесінің зақымдануы анықталған, соның ішінде туа біткен даму ақаулары бар балалар;

туа біткен жүрек ақаулары;

перинатальды асфиксия – 5-минуттық Апгар шкаласы бойынша бағалау 3 балл немесе одан төмен және/немесе гипоксиялық-ишемиялық энцефалопатия;

жаңа туған нәрестенің өтпелі ауыр миастениясы;

туа біткен гипер/гипотонус;

жаңа туған нәрестенің бұлшықет тонусының басқа бұзылыстары;

жаңа туған нәрестенің бұлшықет тонусының нақтыланбаған бұзылысы;

хирургиялық аурулар;

гестациялық мерзімге сәйкес шағын (<3-центиль) және ірі (>97-центиль) салмақтағы жаңа туған нәрестелер;

тұрақты ұзақ гипогликемия және гипокальциемия;

тырысулар;

неонаталдық сепсис;

нейроинфекцияны бастан өткерген балалар;

шок жағдайын бастан өткеріп, инотроптық/вазопрессорлық қолдау алған балалар;
әлеуметтік маңызы бар аурулары бар аналардан туған жаңа туған нәрестелер;
жаңа туған нәрестелердің билирубиндік энцефалопатиясы;
2-3 дәрежелі қарынішілік қан құйылу;
перинаталдық кезеңде дамыған бронхөкпе дисплазиясы;
шала туған нәрестелердің анемиясы;
шала туған нәрестелердің ретинопатиясы;

фондық жай-күй: сурфактант алмастыру терапиясын алған, 24 сағаттан астам жасанды өкпе желдету жүргізілген, гемотрансфузия жасалған балалар;

негізгі халық топтарынан шыққан ата-аналардан туған жаңа туған нәрестелер;

жыныстық жолмен берілетін инфекцияларға оң нәтижелі талдауы бар аналардан туған жаңа туған нәрестелер;

ананың босанғаннан кейінгі депрессиясы.

Орташа қауіп тобы:

туу кезіндегі дене салмағы 1000–1500 грамм немесе гестациялық мерзімі 33 аптадан кем шала туған нәрестелер;

көп ұрықты жүктілік;

гипогликемия (қант деңгейі <25 миллиграмм/децилитр);

гипербилирубинемия >205 мкмоль/л;

босану жарақатын алған жаңа туған нәрестелер.

Төмен қауіп тобы:

туу кезіндегі дене салмағы 1500–2500 грамм шала туған нәрестелер;

I дәрежелі гипогликемия;

өтпелі гипогликемия;

іріңді-септикалық аурулардың даму қаупі бар жаңа туған нәрестелер;

фототерапиясыз неонаталдық сарғаю;

1 дәрежелі қарынішілік қан құйылу;

дене салмағы артық балалар.